ҚАРҚАРАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ

ӨКІМ

16 наурыз 2026 жыл

Қарқаралы қаласы

АКИМ КАРКАРАЛИНСКОГО РАЙОНА

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 143 нк

город Каркаралинск

Мемлекеттік мекемелерде және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6, 8-баптарына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес:

1. Мемлекеттік мекемелердің басшылары № 4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағытын іске асыруға жауапты адамды айқындасын, мекемелерде және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобын құрсын.

2. Кестеге сәйкес ағымдағы жылғы 16 маусым мен 28 шілде аралығында мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 2025 жылғы ішкі талдау жүргізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қарқаралы ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

Қарқаралы ауданы әкімінің м.а. **С.Мусин**

Орын.Г.Мұқаң

003850

Қаркаралы ауданы әкімінің
«16».06.2026 жылғы
№1/43 нқ
өкіміне қосымша

2025 жылға арналған жергілікті бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерде және квазимемлекеттік сектор ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесі

Тапсырмалар Жауапты мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар	Қосымша тапсырмалар	Орындау мерзімі	Растайтын құжаттар
1-міндет. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою: 1. "Қарағанды облысы Қаркаралы ауданы әкімінің аппараты"ММ; 2. "Қаркаралы ауданының экономика және қаржы бөлімі" ММ; 3. "Қаркаралы ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі" ММ; 4. "Қаркаралы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ; 5. "Қаркаралы ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" ММ; 6. "Қаркаралы ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ;	**1-қосымша тапсырма.** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімдері	16.06.2025ж. – 28.07.2025 ж.	Облыс әкімінің өкімі
	2-қосымша тапсырма. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі бұйрықты бекіту	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау басталғанға дейін 5 жұмыс күні бұрын	Бекітілген бұйрық
	3-қосымша тапсырма. Интернет-ресурста, БАҚ-та және әлеуметтік желілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың басталғаны туралы хабарландыру	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын	Интернет-ресурсқа, БАҚ-қа, әлеуметтік желілерге сілтеме
	4-қосымша тапсырма. Интернет-ресурста, БАҚ-та және әлеуметтік желілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылауды бастау туралы хабарландыру	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей	Интернет-ресурсқа, БАҚ-қа, әлеуметтік желілерге сілтеме

тілдерді дамыту бөлімі" ММ; **8.** "Қарқаралы ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" ММ; **9.** "Қарқаралы ауданының ішкі саясат бөлімі" ММ; **10.** "Қарқаралы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ; **11.** "Қарқаралы ауданының тұрғын үй инспекциясы бөлімі" ММ; **12.** "Қарқаралы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" ММ; **13.** "Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі" ММ; **14.** "Қарқаралы ауданының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қарқаралы Су " КМК.	**5-қосымша тапсырма.** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей	Талқылау хаттамасы
	6-қосымша тапсырма. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтамаға қол қою	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей	Талдамалық анықтама
	7-қосымша тапсырма. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу	Талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей	Жоспар
	8-қосымша тапсырма. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің интернет-ресурсында талдамалық анықтама мен іс-шаралар жоспарын орналастыру	Іс-шаралар жоспары бекітілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде	Интернет-ресурсқа сілтеме
	9-қосымша тапсырма. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат дайындау арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мониторингі	Талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап бір жыл ішінде	Ұсынымдардың орындалу мониторингінің нәтижелері
2-міндет. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдар тізілімін әзірлеу	**1-қосымша тапсырма.** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы бұйрыққа сәйкес	Тізілім